

8D08101 - «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Ахмедова Гульмира Байгенжеvnаның «Жарма өнеркәсібіне
 арналған өнімділігі және сапасы жоғары арпаның бастапқы материалын жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
 ресми рецензенттің пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қызылорда облысы Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқандықтан, ол жоғарыдан келетін су көлеміне тәуелді, ал жылдан-жылға ұлғайып келе жатқан су ресурстарының тапшылығы, сондай-ақ жергілікті топырақтың сортаңдануы, қарашірік қабатының азаюы Қызылорда облысында кең таралған күріш дақылын суды аз тұтынатын басқа дақылдармен ауыстыру мәселесін тудырады. Осыған орай, зерттеу жұмысы барысында Қызылорда облысының климатына сай келетін, құрғақшылыққа және тұзданған жерлерге тез бейімделгіш арпа дақылын егу ұсынылады. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының 2021–2023 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенін дамыту тұжырымдамасының ережелеріне, сондай-ақ «Жасыл экономикаға көшу» және 2020–2030 жылдарға арналған су ресурстарын басқару тұжырымдамаларының стратегиялық бағыттарына сай келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);	-Диссертациялық жұмыс ҚР АШМ-нің 2021-2023 жылдарға арналған нысаналы-бағдарламалық қаржыландыру BR10765056 «Қазақстанның әртүрлі топырақ-климаттық аймақтарында тұрақты өнім алу үшін өсімдіктердің биотехнология-генетика- физиология-биохимия жетістіктері негізінде дәнді дақылдардың жоғары өнімді сорттары мен будандарын жасау» жоба аясында (Келісім шарт №111-2); -ҚР АШМ-нің 2024-2026 жылдарға арналған нысаналы- бағдарламалық қаржыландыру BR24892821 «Қазақстанның әртүрлі топырақ-климаттық аймақтарында өнімділік, сапа және стресске төзімділік әлеуетін арттыру үшін дәнді дақылдар
		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	
		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия	

		бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	селекциясы және бастапқы тұқым шаруашылығы» жоба (Келісім шарт №32-1-2ПЦФ-1) аясында және докторанттың зерттеу тапсырмасына сәйкес орындалды.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Аталған еңбек аграрлық ғылымға үлес қосады және оның маңыздылығы жан-жақты ашылған. Өйткені қазіргі таңда белең алған су тапшылығы мәселесін шешудің бірден бірі жолы есебінде құрғақшылыққа, тұзданған топыраққа төзімді, сондай-ақ қоршаған ортаның абиотикалық және биотикалық жағдайына бейімделгіш арпаның жаңа сортын шығару ұсынылған және де зерттеу барысында қабықшасыз арпаның Қоңыр атты жаңа сорты шығарылған. Осы аталған шешім ғылымның су тапшылығы мәселесінде мағызды орын алады деп айтуға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>жоғары</u> ; орташа; төмен; өзі жазбаған.	Ізденуші Ахмедова Г.Б.-ның диссертациялық зерттеу жұмысының жазылу деңгейі өте жоғары деңгейде орындалған және мазмұны түсінікті. Жазу мәнері арқылы жұмыстың авторлыққа жататыны анықталады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген;	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі ғылыми негіздер арқылы айқындалған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық еңбек мазмұнында 2013 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының №577 «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі, 2020-2030 жылдарға арналған ҚР Су ресурстарын басқарудың концепцияларының стратегиялық міндеттердің бірі – рентабельділігі төмен және суды көп қажет ететін дақылдарды біртіндеп қысқартып, оның орнына суды аз қажет ететін көкөніс, малазықтық және майлы дақылдарға ауыстыру мәселелердің шешімі жақсы жазылған және тақырыпты нақты дәлелдермен ашады.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ;	Диссертациялық жұмыстың мақсаты тақырыптық бағдарға сүйеніп анықталған; соған сәйкес нақты міндеттер белгіленген. Материалдар жиналып, зерттеу нәтижелері ғылыми-тәжірибелік негізде қорытындыланып, өндіріс үшін ұсыныстар енгізілген.

		2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Ізденушінің диссертациялық жұмысының бөлімдері мен құрылымдары үйлесімді, әрі логикалық байланысты түрде құрылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор зерттеу барысында жинақталған материалдарды жүйелеп, оларды ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, бұрынғы шешімдермен салыстыра бағалап, өз пікірін нақты жеткізген. Нәтижесінде қорытындылар жасалып, өндірістік ұсыныстар берілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңашылдығы бар, ғылыми нәтижелер мен қағидалар жаңашыл және тандалған бағытқа толығымен сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс келесідей ғылыми жобалар аясында орындалды: BR10765056 «Қазақстанның әртүрлі топырақ-климаттық аймақтарында тұрақты өнім алу үшін өсімдіктердің биотехнология-генетика-физиология-биохимия жетістіктері негізінде дәнді дақылдардың жоғары өнімді сорттары мен будандарын жасау» және BR24892821 «Қазақстанның әртүрлі топырақ-климаттық аймақтарында өнімділік, сапа және стресске төзімділік әлеуетін арттыру үшін дәнді дақылдар селекциясы және бастапқы тұқым шаруашылығы» жоба аясында жүргізілген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ізденушінің диссертациялық жұмысының қорытындылары заманауи, ғылыми негізделген және дәлелденген, зерттеу нәтижесі ретінде қабықшасыз арпаның Қоңыр жаңа сорты ҚР АШҒМ «Ауылшаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия» Республикалық Мемлекеттік

			мекемесіне сортсынауға берілген. Шаруашылық пайдалылығының оң бағасы туралы хабарлама (№ 5416/13.10.2025) және селекциялық жетістікке патент алуға (№ 2025/049.4/01.10.2025) өтінім алынды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің барлығы жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Ғылыми еңбектегі барлық негізгі қорытындылар шынайы нәтижелерге негізделген және орынды дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия ; 2) жоқ;	7.1 Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттар зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. 7.2 Диссертациялық жұмыстың қорғауға ұсынған қағидаттары тривиалды емес. 7.3 Негізгі қорғалатын қағидаттар жаңа болып табылады. 7.4 Ғылыми жұмыстың қолдану аясы ауқымды. 7.5 Жұмыстың негізгі нәтижелері ғылыми мақалалармен дәлелденген.

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақалада ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ.	Иә. Әдістеме таңдауы негізделген. Әдістеме нақтылы жазылуы аясында айқын әдістеме жасалынып, нәтижесінде алға қойылған мақсат орындалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ.	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып жасалынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Иә. Алынған қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік (зертханалық және егістіктік) зерттеулермен дәлелденген.

		1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтімілермен расталған /ішінара расталған/ расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Изденуші еңбегінде 240 отандық және шетел ғалымдарының еңбектеріне сілтемелер жасаған.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелер еліміздің арпа өсіретін аймақтарындағы шаруашылықтарда сұранысқа ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автордың зерттеу нәтижелері негізінде жасалынған ұсыныстары толығымен жаңа.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>жоғары</u> ; орташа; орташадан төмен; төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация жазудың ережелері мен талаптарына сәйкес рәсімделген.
11.	Диссертацияға ескертулер	1. Кестелерде тек таңдалған сорттардың шыққан елі ғана емес, сонымен қатар олардың қабықшалы немесе қабықшасыз екендігі көрсетілуі қажет. Мысалы, 21-кестеде – <i>қабықшалы және қабықшасыз арпаның іріктелген ерте пісетін үлгілерінің кезеңдерінің ұзақтығы</i> берілген, алайда бұл жерде сорттардың нақты қай түрге жататыны анық көрсетілмеген. Осыған байланысты кестелерді толықтыру керек. 2. Төртінші тарауда зерттеулер екі алғы дақыл фонында – арпа мен күріште жүргізілгені көрсетілген, олардың топырақтың ылғалдылық деңгейі бойынша айырмашылығы бар. Алайда бұл аспект жеткілікті	

		түрде ашылмаған. Сондықтан, топырақ ылғалдылығының деңгейі мен динамикасын кесте түрінде көрсету керек. 3. Бесінші тарауда жаңа қабықшасыз арпа сортының өнімділік деңгейі мен шаруашылық құндылығын объективті бағалау үшін стандартты сортпен салыстырмалы деректерді кесте түрінде көрсету қажет. Бұл жаңа сорттың артықшылықтарын айқынырақ көрсетуге және оның селекциялық және өндірістік маңыздылығын дәлелдеуге мүмкіндік береді. 4. Диссертациялық жұмыстың мәтінінде сөздердің бірігуі және кестелердің ажырап кетуі байқалады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді	Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары. Диссертация мәліметтері бойынша жұмыстың негізгі нәтижелері мен қортындылары отандық және шетелдік басылымдарда 13 мақала түрінде жарық көрген. Оның ішінде: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда - 7 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында 2 мақала, РФДИ базасының журналдарында 3 мақала, Scopus дерекқорына кіретін журналында 1 мақала жарияланған (International Journal of Agronomy, процентиль 56, Q2). Аталған ғылыми еңбектер арқылы диссертация тақырыбын толық айқындап көрсете білген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Шешімі: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті алдында 8D08101-Агрономия білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынамын

Ресми рецензент:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ-ның
қауымдастырылған профессоры, PhD доктор,
«Агрономия, селекция және биотехнология»
кафедрасының меңгерушісі



Е.А.Жанбырбаев

Е.А.Жанбырбаевтың қолын растаймын,
«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ-ның
бас ғалым хатшысы



У.К.Керимова